

2015 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ай сайынғы ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Бейнеу аудандық әкімдігінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 213 қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2015 жылғы 03 ақпанда № 2607 болып тіркелді.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 4-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, Бейнеу аудандық әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Бейнеу ауданы бойынша 2015 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ай сайынғы ақы төлеу мөлшері бекітілсін.

2. «Бейнеу аудандық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі (Б.Б.Әзірханов) 2015 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру мөлшерін көзделген қаржыландыру жоспарының шегінде қамтамасыз етсін.

3. «Бейнеу аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі (О.Қ.Наурызбаев) осы қаулының «Әділет» ақпараттық – құқықтық жүйесі мен бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын, аудандық әкімдіктің интернет – ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Қ.Б.Әбілшеевке жүктелсін.

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

міндетін атқарушы

*Аудан әкімінің
К. Машырықов*

2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 213
аудандық әкімдіктің қаулысына қосымша

4.	балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	100	0	0	26000	0	0	9264	0	0
----	--	-----	---	---	-------	---	---	------	---	---

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
5.	Бейнеу аудандық әкімдігінің «Сарға балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	10	0	0	26000	0	0	9264	0	0
6.	Бейнеу аудандық әкімдігінің «Бейнеу балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	130	0	0	26000	0	0	9264	0	0
7.	Бейнеу аудандық әкімдігінің «Ақжігіт балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	25	0	0	26000	0	0	9264	0	0
8.	Бейнеу аудандық әкімдігінің «Болашақ балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	80	0	0	26000	0	0	9264	0	0
9.	Бейнеу аудандық әкімдігінің «Қарақұм бөбекжайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	38	0	0	26000	0	0	9264	0	0
	Барлығы	773	0	0	x	0	0	x	0	0